

Қолхат

Қолхат - белгілі бір құндылықтардың (мүлік, ақша қаражаттары, құжат және өзге де құндылықтар) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, көрсететін ресми құжат түрі.

1-үлгі

Қолхат

Мен, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 26 үй, 47 пәтердің тұрғыны Бекболат Асқар Мағжанұлы, азамат Дарханов Заманбек Берікұлынан HP Lazer Jet 1020 маркалы принтерді уақытша пайдалануға алдым. Бағасы 42 000 (қырық екі мың) теңге тұрады.

Алынған HP Lazer Jet 1020 маркалы принтерді 2016 жылдың 29-шы желтоқсанында қайтаруға уәде беремін.

Жеке куәлік №0212344581

26.11.2016

_____ А.М.Бекболат

2-үлгі

Қолхат

Мен, Ақтөбе қаласы, Құрманғазы көшесі, 14 үй, 7 пәтер тұрғыны Ермеков Жанболат Дүйсенұлы, азамат Егоров Макс Крутиковтан 150 000 (жүз елу мың) теңге алдым.

Ақпаны 2017 жылдың 1 ақпанына дейін қайтаруға уәде беремін.

Жек куәлік №00125489

14 желтоқсан 2016 жыл. Ермеков Жанболат Дүйсенұлы _____

Куәгерлер: Асқар Дүйсен _____

Мутко Клара _____

3-үлгі

Қолхат

Мен, С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің «Жалпы медицина» факультетінің 4 курс студенті Біртуаров Арман, университет кітапханасынан 2 дана «Медициналық статистика» оқулығын алдым. Әрқайсысының бағасы 1900 (бір мың тоғыз жүз) теңге тұрады.

Оқулықтарды 7 күнде қайтаруға уәде беремін.

Жеке куәлігімнің нөмірі №0012457, Қазақстан Республикасының Әділет Министірілігі 2011 жылдың 5 наурызында берілген.

14.11.16 _____ Біртуаров Арман